



**VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясы**

**«Білім беру саласындағы өзгерістер
аясын кеңейту:
апробация мен тарату»**

Астана қ. Халықаралық мектебі

27–28 қазан 2016 ж.





ШӘМШИДИНОВА
Күләш Ноғатайқызы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы



Құрметті конференцияға қатысушылар!

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қош келдіңіздер!

Білім саласының мамандарына, соның ішінде мұғалімдерге, білім беру саясатын жасаушыларға, отандық және халықаралық білім саласындағы зерттеушілерге арналған жыл сайынғы конференция биыл сегізінші рет өз есігін айқара ашуда. Халықаралық конференцияны жыл сайын өткізу – білім беру саласындағы мамандардың арасында тәжірибе, ой-пікір алмасу мен қатар жаңа шешімдердің таратылуына мүмкіндік беретін дәстүрлі алаңға айналды.

Конференцияның биылғы тақырыбы – «Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату». Конференцияның негізгі мақсаты Қазақстан білім беру жүйесінде тәжірибені тарату мен бейімдеу үрдісін жүзеге асырып жатқан білім беру саласының мамандары – мұғалімдер, зерттеушілер және қоғам арасында ұтымды диалог құру болып табылады. Ұтымды және нәтижелі қызмет атқару үшін туындаған мәселелер мен сұрақтардың шешімін іздеуде бірлесе қызмет атқарған абзал. Сондықтан, әрбір трансляцияға қатысушы, мектептегі мұғалімнен министірге дейін, еліміздің нәтижеге бағытталған білім беру үрдісінің қызығушылығы шексіз әрі сенімі мол тұлғасы болуы қажет.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі білім беру жүйесі әрдайым жетілуде, соның бір нәтижесі ретінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы 2016 жылдың мамыр айында Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Білім беру – 2030» жобасының Қазақстандағы координаторы болып таңдалды. Сондықтан, Конференция - Зияткерлік мектептердің позитивті тәжірибесін талқылайтын алаң мен Қазақстан білім беру жүйесінің одан әрі дамуына өз септігін тигізетін пайдалы шара болады деп есептейміз.

Үлкен құрмет көрсете отыра Кембридж, Мичиган, Пенсильвания, Аризона штаты университеттері мен Массачусетс технологиялық институты, Лондонның Университеттік Колледжінің, Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, СКОЛКОВО инновациялық орталығы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің А.Н. Колмогоров атындағы арнайы оқу-ғылыми орталығы (факультет) – мектеп-интернаты, Айб-мектебі, «PASCO scientific», «Educational Solutions», сонымен қатар біздің стратегиялық серіктестер – СІТО педагогикалық өлшеулер институты, Джонс Хопкинс университетінің дарынды жастар орталығы (STY JHU), Кембридждің халықаралық емтихан кеңесі (CIE), Халықаралық мектептер кеңесі (CIS), Кембридж университетінің баспасы (CUP) және де әлемдегі білім беру саласындағы озық әрі тың идеялармен танысуға, біздің мұғалімдердің білім беру саласындағы мәселелерді дәстүрлі емес жолдармен шешуге шабыттандыратын барлық тұлғалар мен ұйымдарға шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Сіздер көрсеткен барлық қолдауларыңызға, жаңа кездесулер мен ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін тудырғаныңызға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Конференция аясында тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінің қалыптасуына 25 жыл толуына байланысты пленарлық отырыстың өтуі жоспарлануда. Пленарлық отырыс барысында білім беру саласының мамандары Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуына байланысты ретроспективтік талқылаулар жүргізеді.

Конференцияның еліміздің білім беру жүйесін жақсартудың мықты импульстерінің бірі ретіндегі және де Қазақстанды халықаралық аренада танытудағы маңыздылығын айта отыра, әр қайсысыңызды секциялық отырыстар мен панельдік талқылауларда белсенді қатысып, өздеріңіздің идеяларыңыз бен зерттеу жұмыстарыңыздың барысы мен оң динамикасымен бөлісуге шақырамыз.

Ең бастысы, қазақстандық дәстүрлерді сақтай отырып, ең мықты әлемдік тәжірибе мен жаңа технологияларды ұтымды қолдана отырып, білім беру саласының өкілдері арасында позитивті диалог құра отырып, біз балаларымыздың білімді, ынталанған және уақыттың сын-тегеуріндеріне дайын болатындай етіп қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ

VIII

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату»
27–28 қазан 2016 ж.

VII

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Білім беру: зерттеу және тұрақты даму»
22–23 қазан 2015 ж.

VI

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Білім беру саясаты; тәжірибе және зерттеу»
23–24 қазан 2014 ж.

V

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Білім берудегі жоғары сапа және көшбасшылық»
3–15 қараша 2013 ж.

IV

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері және өзгерістері»
4–5 желтоқсан 2012 ж.

III

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Мектептегі көшбасшылық және басқару»
15–16 қараша 2012 ж.

II

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Орта білім берудің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістер»
14 маусым 2012 ж.

I

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістері»
6 желтоқсан 2011 ж.



КОНФЕРЕНЦИЯ ФОРМАТЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ ФОРМАТЫ



ДӨҢГЕЛЕК
ҮСТЕЛДЕР



ПАНЕЛЬДІК
ТАЛҚЫЛАУЛАР



НЕГІЗГІ
БАЯНДАМАЛАР



СЕМИНАРЛАР



ПОСТЕР СЕССИЯЛАР



ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР



НЕТВОРКИНГ



БІЛІМ БЕРУ
КӨРМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА 25 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25-жылдығы қарсаңында пленарлық отырыс аясында білім беру жүйесінің қалыптасу үрдісінің қатысушылары өз ойлары мен көзқарастарымен бөлісіп, пікір алмасады. Отырыстың модераторы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы **Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызының** баяндамасында орта білім беру жүйесінің жаңартылған білім мазмұны аясында сөз қозғалып, Зияткерлік мектептердің рөлі жайында ой бөліседі.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрілігі Мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің директоры **Жонтаева Жаңыл Алпамысқызының** баяндамасы Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуының негізгі кезеңдерімен байланысты болады.

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылым жүйесін заңнамалық қамтамасыз етілуі – қазіргі уақытта аса маңызды болып табылады. Бұл тақырыпта өз баяндамасын ұсынатын заң ғылымдарының докторы және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты **Бақытжан Әбдірайым** ұсынады.

Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі (2002-2003) және Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері **Беркімбаева Шәмшә Көлбайқызы** пленарлық отырыста Қазақ мектептерінің даму тарихы мен еліміздегі өткен реформалар жайында шолу жасайды.

«Назарбаев Университеті» ДББҰ Президенті **Шигео Катсу** ұлттық брендке айналған әрі қазақстандық жоғары білім беру жүйесі мен әлемнің ең үздік тәжірибесін біріктірген Назарбаев Университетінің құрылуы жайында сөз қозғайды.

Қазақстанның еңбек ардагері, Қазақ ССР халықтық ағарту ісінің үздігі, Алматы қаласының құрметті азаматы атағына ие болған **Миразова Аякул Төреқызы** қазіргі білім берудегі мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру жолдары төңірегінде ой бөліседі.

Қазақстанның білім беру жүйесінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі мен PISA және TIMSS халықаралық емтихандары деректері негізіндегі салыстырмалы талдауын «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ президенті **Ырысалиев Серік Әзтайұлы** ұсынады.

«Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы атты» баяндамасында «Дарын» РҒПО директоры Шолпан Қирабаева дарынды балалардың елдің әлеуетін көтеру мен жан-жақты дамуындағы рөлі туралы айтады.

«Жаңа оқулықтармен – жаңа ғасырға» атты баяндамасында «Оқулық» РҒПО директоры **Бейбіткүл Кәрімова** 21 ғасыр оқушыларына арналған жаңа форматтағы оқулықтардың басылатындығы туралы баяндайды.

Әдекенов Серғазы Мыңжасарұлы, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі АҚ Басқарма төрайымы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, химия ғылымдарының докторы, профессор ғылым, білім беру мен өндірістің бірігуі мен ғылыми жасақтамаларды коммерциализациялауға бет бұрыспен жүзеге асырылатын Мемлекеттік индустриалды инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесімен бөліседі.

Сандық білім беру ресурстары, оқыту процесінде ақпараттық технологияларды пайдалану потенциалы, оқушылар мен мұғалімдердің компьютерлік сауаттылығы төңірегіндегі өте өзекті және өмірлік маңызы зор тақырыпты «WikiBilim» Қорының негізін қалаушысы және төрағасы **Рауан Кенжеханұлы** өрбітеді.

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінің бой көтеруі турасындағы ой-пікірлер отандық білім беру жүйесінің мықты қырларын, оның даму салалары мен ауқымын көруге мүмкіндік беріп, конференцияның барлық қатысушыларының қызықты әрі құрылымдық диалогының жақсы бастамасы болсын!



БИОГРАФИЯЛАР



Уильям Шмидт

Уильям Шмидт Мичиган Ұлттық Университетінде статистика және білім беру бағдарламасының аса құрметті профессоры. Ол білім беру саясаты орталығының директоры ретінде қызмет етеді, және де статистика және білім беру саласындағы факультет кездесулерін өткізеді. Профессор Шмидт бұрын АҚШ-тың Ұлттық орталығында ғылыми үйлестіруші және атқарушы директор болып қызмет атқарды. Сонымен қатар, ол АҚШ-тың ХЕА демеушілігімен жасалған Үшінші халықаралық математика және ғылыми зерттеу бағдарламасына (YXMF3) қатысуын қадағалады. Оның көптеген басылымдары Білім беру статистикасының журналы және Американдық статистикалық бірлестік сияқты атақты журналдарда жарияланды. Басқа бір серіктесімен бірге жазған он кітабы да бар, соның ішінде Мектептің маңыздылығы, Мұғалімнің білім алу маңыздылығы және Теңсіздік деген кітабының орны бөлек. Оның қазіргі жазып жатырған ғылыми-зерттеу жұмысы 12 жылдық мектептердің академиялық мазмұндағы мәселелерін қамтиды, соның ішінде математика бойынша жалпы мемлекеттік стандарттар, бағалау теориясы мен оқу жоспарының академиялық жетістікке әсері деген тақырыптарда жұмыс істеуде. Ол сондай-ақ математикаға, жалпы ғылым мен тестілеуге байланысты білім беру саясатына алаңдаушылық білдіреді. Профессор Ұлттық білім академиясының мүшесі болып табылады. Ол 2009 жылы Американдық ғылыми-зерттеу қауымдастығының бірінші топ стипендиаты болып таңдалды. Ол математика бағдарламасы қолданбалы бакалавриатын Конкордия колледжінде (Иллинойс) бітірді. Философия докторы ғылыми дәрежесін Чикаго университетінде психометрия және қолданбалы статистика бағдарламасы бойынша бітірді. Ол сондай-ақ 1997 жылы Конкордия университетінің құрметті доктор атағына ие болды..

Мектептегі теңсіздік: Дүниежүзілік құбылыс

Білім беру теңсіздігінің қадағалау әсері көптен білім беру тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы болып есептелді. (Schmidt & Burroughs 2012) Осы уақытқа дейін көптеген істер доғал деректермен жұмыс жасап келді (мысалы, қадағалау әдісінің ең бастапқы кезеңі). Соңғы зерттеулер көрсеткендей студенттер деңгейінің көрсеткіштерін пайдалана отырып оқушылардың үйрену мүмкіндіктері (ҮМ) мектепішілік теңсіздікті ұсынады, және де оның әлеуметтік-экономикалық мәртебемен тікелей байланысы бар болғанын көрсетеді (Шмидт соавт. 2015). Шмидт соавт. әлеуметтік-экономикалық мәртебе (ӘЭМ) және студенттің математика нәтижесі арасындағы қарым-қатынастың шамамен үшінші бөлігі ӘЭМ мен ҮМ бірлестігіне байланысты болып 2012 жылғы Халықаралық оқушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі бағдарламада (ХОБЖБ) көрсетілді. Барлық елдерде үйрену мүмкіндігі мен студенттің әлеуметтік-экономикалық мәртебесі арасындағы маңызды статистикалық қарым-қатынас пайда болды. Содан соң, өткізілген зерттеу кейбір елеулі өзгерістерді есепке алмады. Негізінен әлеуметтік-экономикалық мәртебе теңсіздігі мен үйрену мүмкіндік теңсіздігі мектеп аралық немесе мектепішілік айырмашылықтар тобына жатқызылады.



Том Хсу

Доктор Том Хсу – Массачусет технологиялық институтының профессоры. Ол оқытудағы технологиялар, ғылыми жабдықтар, куррикулум және мұғалімдердің кәсіби дамуының жаңашылы ретінде белгілі.

Ол жігерлендіруші мұғалім және тәжірибелі оқытудың белсенді қолдаушысы.

Том Ergopedia, CPO, Lab-Aids бірлесіп жасаған жабдықтар және куррикулумның арқасында белгілі болды. Ол технологиялар, оқулықтар, оқыту құрылғылары, қолданбалы зерттеулер, бағалау, оқыту мен мұғалімдерді оқыту шешімдерін, сондай-ақ оқушылардың жетістіктерін болашақта тиімді және пайдалы бола отырып, оңтайландырады. Том физика мен математика пәндерін оқытуды дамытуда жаппай ақпараттық құралдардың күшті интербелсенді экстраординарлық, электронды кітаптар, анимациялар, бейнетаспалар планшеттер, компьютерлер, смартфондар және оқыту симуляциясын дамытуды басқарды. Том, орта және жоғары мектепке арналған жеті жарық көрген физика, химия, физикалық ғылымдар бағдарламаларының авторы, сонымен қоса STEM бағдарламасы, «Табиғи физика» – физикадан жаңа электрондық PASCO Scientific, ал химиядан «Табиғи тәсіл» Lab-Aid жарық көрген, және кіріктірілген физика мен химия CPO Science жарық көрген еңбектердің авторы да болып табылады, ол жұмыстары Техаста кеңінен қолданылуда. Том PASCO Scientific өнімдерінің бас қызметкері, Ergopedia Inc фирманың бірлескен құрылтайшысы және CPO Science CPO Science бұрынғы президенті және құрылтайшысы.

Томның бастауыш мектептен бастап университетке дейін сабақ беру тәжірибесі бар. Сонымен бірге қолданбалы физикадан Ph.D докторы. Ол кәсіби шеберлігі үшін Goodwin медалына ие болды.

Ғылым әлемінен оқыту үшін нені қалай таңдау керек?

Білім саласындағы саясаттың құрастырушысы болу үшін алдымен неге үйретуіміз керек және оқытуда не маңызды екенін білуіміз керек. Ғылым өз ішінде білім мен дағдының үлкен әлемін жинақтайды. Әркімнің жас ерекшелігіне сай ғылым әлемінен оқи алатын дүниені аз-аздан таңдап алуымыз керек. Осыны таңдау үшін не әсер етуі мүмкін? Біз болашақта зерттеу үшін дайындыққа назар аударуымыз керек пе? Колледжге түсу үшін тест дайындығына назар аударуымыз керек пе? Кез келген жұмыста қолданылатын практикалық дағдыға назар аударуымыз керек пе? Біз соны қалай шеше аламыз, шешкен күннің өзінде біз оны енгізе аламыз ба? Осы баяндама оқушыларды болашақта табысты болу үшін олардың өздігінен білім алуға мақсат қоюға дайындайды.

Білім саласына жұмсалған қаржы қаншалықты пайдасын тигізеді?

Технологияның педагогтарға басымдылығымен қоса, қаупі де бірдей. Технологиялар өте көп қаржыны талап етеді, бірақ та олар көбінесе тиімсіз, себебі толық енгізілмейді. Мысалы, кітап парағын ашуда саусақ көмегін емес, технологияны пайдалану тиімді. Технология оқытудың жаңа әдістерін аша алады. Мысалы, жақсы ұйымдастырылған оқыту технологиялары оқушылардың тікелей бағалауын интерактивті модельдеу, анимацияны визуализацияны және бірден кері байланысты өткізуге мүмкіндік береді. Бұл сипаттамалар оқу мен оқытудың тиімділігін едәуір арттырады. Бұл баяндама оқушыны тікелей бағалау, интерактивті модельдеу және визуализация әдістері арқылы оқытудың тиімділігін арттыратынына назар аударады.

**Ричард Фелпс**

Вашингтон, Индиана және Гарвардт университеттерінен бірнеше ғылыми дәрежелер мен Пенсильвания Университетінің Уортан бизнес мектебінен PhD дәрежесін алған. Сонымен қатар Ричард Фелпс Психофизика Зертханасының мүшесі және Білім беру тестілеу қызметі, Білім берудегі қаржы және саясат Ассоциациясы мен АҚШ Білім беру департаментінің Ұлттық білім беру статистикасы орталығы гранттарына ие болған. Мемлекеттік секторының білім берудегі зерттеу мен саясат саласының жергілікті (Вашингтон), штат (Индиана), федералдық (АҚШ, Мемлекеттің есеп берукеңсесі), халықаралық (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы), жекеменшік (ACT, Westat, and Pearson Evaluation Services) деңгейлерінде қызмет атқарған. Фелпс Батыс Африкада ораналсқан Буркина Фасо мемлекетіндегі орта мектепте математика пәнінен сабақ берген. Сонымен қатар, ол тестілеуді стандарттау бойынша төрт еңбектің, бірнеше статистикалық жинақтар мен көптеген академикалық журналдардың авторы және редакторы. Ричард Фелпс Nonpartisan Education Group (саяси емес білім беру тобының) негізін қалаушы және Nonpartisan Education Review журналының редакторы. Қазіргі уақытта Фелпс АҚШ, Солтүстік Каролина штатының Эшвилл қаласында тұрады.

Бағалау жүйесін көркемдеу

Егер де біз қазір стандартталған тесттерді ешбір дайындық пен бейімділіксіз құрастырсақ, оларды қалай пайдаланар едік? Есте сақтайтын ең маңызды жәйт – бұл тесттердің барлығы бірдей емес, олар көлемі, форматы, мазмұны және мақсатына байланысты түр-түрлерге бөліне береді. Бір тест бір жерде сәйкес болса басқа жерде сәйкес болмауы мүмкін. Ал егер егер білім беру саласындағы осы барлық тексттерді бірге жинау арқылы қоғамға пайда алып келетіндей жүйе құрастырсақ ол қандай болмақ? Тесттердің қай түрі қайда және қашан қолдану керек? Баяндама осы сұрақтарға жауап бере отырып бір ғана дұрыс, оңай жауаптың жоқ екендігін пайымдайды. Баяндама барысында осы мәселе бойынша жүргізілген көптеген зерттеу нәтижелері айтылып отырады, әсіресе соның ішінде когнитивті психологтардың еңбектеріне ерекше тоқталады. Тақырыптар Когнитивті жүктеме теориясы (белгілі бір түсінікті оқытқанда материалды оқығалы жатқан адамның деңгейі мен материалдың қиындығын ескере отырып оқу материалдарын құрастыруда ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдану); кері байланыстың әр түрлі түрлері; мүдделілер мен қауіпсіздіктің ара қатынасы; ақпаратты жаңғырту, орналастыру, басқа ақпаратпен араластыру (interleaving) және басқа да когнитивті ғылым түсініктері; тест форматының (таңдау мүмкіндігі бар жауаптар, құрастырылған жауап, шынайы және т.б.) рөлі және жалпы бағалаудың оқушылардың зияткерлік дамуындағы рөлі аясында болмақ.

**Гунтер Марис**

Гунтер Марис Амстердам Университетінде психологиялық әдістемелер бойынша профессор және СИТО-да (Нидерланд) басты ғылыми қызметкері. Марис Неймеген Университетінде математикалық психология бойынша доктор дәрежесін және Левенский Университетінде психологиялық теориясы бойынша магистр дәрежесін алды. Оның ғылыми мақсаттары ресми оқу теориясы және жеке ерекшеліктерге, сонымен қатар осындай теорияларды бағалау үшін статистикалық әдістерді қолдануға бағыталған. Маристың жұмыстары атақты ғылыми (мысалы, Ғылым – Science), психология (мысалы, Психологиялық шолу – Psychological Review), психометрия (мысалы, Психометрика – Psychometrika) журналдарында кеңінен жарияланды.

Күнделікті оқыту процесін жаңа технологиялар арқылы қадағалау

Интернетке қосылған компьютерлердің кең таралуына байланысты мектептерде әр бір баланың орындаған тапсырма жауабын тіркеуге мүмкіндік бар. Оқулықтардағы ақпараттар ашық болуда және мәліметтер базасында орталықтандырылып сақталуда. Тарихта алғаш рет үдірісте оқу мүмкін болуда және осындай оқытуды қалай жүзеге асырылуы туралы сұрақты шешуге кірісуіміз қажет. Бұл екі маңызды алғышарттар жеке оқушылардың қажеттіліктерін білім беруге бейімделу үшін керек. Білім беру өлшеуіштері саласында, психологиялық білім беру әдебиеттерінде оқыту қалай жүзеге асырылатыны туралы ресми теория берілмейді. Оқу нәтижесі (білім берудегі кең ауқымды тестілеуі) туралы, оқытудың жасанды (шағын көлемді эксперименттер арқылы) тапсырмалары туралы көптеген ақпараттар бар, алайда біз әлі де осы қорытындыларды жан-жақты қамтитын теориядан алыспыз. Бұл презентацияда мен жан-жақты қарастырылған теорияның кейбіріне тоқталып кетемін.

**Михо Тагума**

Михо Тагума Экономикалық ынтымақтастық және даму (ЭЫДҰ), Білім басқармасының мектепке дейінгі және мектеп саясаты бөлімінің аға сарапшысы.

Михо Тагума ЭЫДҰ -дің мектепке дейінгі білім беру және тәрбие жұмысының жоба жетекшісі (МДББЖТ), оның жұмысы ЭЫДҰ-ның желілік жұмысын, МДББЖТ қызметкерлеріне халықаралық сауланама жүргізу, МДББЖТ бастауыш білімге өту саясатын шолу.

Осы кезде ЭЫДҰ жаңа бастамасы «Білім беру 2030» басқарады, оқушылардың 2030 жылы әлемдегі білім жүйесін дамыту (жобаның 1 фазасы: 2015-2018); және соңғы стадиясы (жобаның 2 фазасы: 2019 және одан арғы жылдар) ол басқа елдерге, осы мүмкіндіктерге қолдау көрсетуді дамытудағы 21 ғасырдың мүмкіндіктерінің әр-түрлі аспектерін үйренуге көмектесу. Жоба өмір бойы үздіксіз білім алуға дайындық және кәсіптік білімді қосып орта білімге арналған,

Онда әр-түрлі, мысалы мигранттарға білім беру, ресми және бейресми оқыту саясаттарын шолуда тәжірибесі бар. Ол Білім беру саласындағы зерттеу және инновация орталығында «Жоғары оқу орындарында қашықтық оқыту» жобасында жұмыс жасады.

Новый проект ОЭСР: Будущее образования и развития навыков для 2030

В связи с быстрыми и частыми переменами, наш мир становится более неустойчивым (V), неопределенным (U), сложным (C) и неоднозначным (A). Мир VUCA полон проблем, которые трудно предсказать. В ответ на эти вызовы в июле 2015 года запущен проект «Будущее образования и навыков: ОЭСР Образование 2030», который является частью «Мобилизации знаний» подпункта «Анализ внедрения реформы; управление изменениями и наращивание потенциала». Данный проект – это возможность внести вклад в процесс разработки и развития curricулума более системно и основываясь на доказательствах. Проект направлен не на определение того, каким должен быть curriculum, а на установлении общего языка и пространства/места, где страны коллективно и индивидуально могли бы изучать вопросы разработки образовательных систем. Было решено, что проект использует язык, который нацелен, в первую очередь, на разработчиков образовательных политик. Главным вопросом, на который ищет ответ участника проекта, является «Какие знания, навыки, отношения и ценности должны развивать учащиеся к 2030 году?» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» были определены национальным координатором от Казахстана. Ожидается, что участие Казахстана в данном проекте внесет значительный вклад в образовательные изменения, происходящие сегодня в стране.



Павел Лукша

Павел Лукша Москва мектебінің СКОЛКОВО басқармасының профессоры. Мектеп аясында Халықаралық жұмысты ұйымдастыру және РФ Білім беру министрлігімен бірлесе Сколково білім беруді дамыту (SEDEC) орталығында білім беруді дамыту бағытындағы жобаларды жүргізеді. 2014 жылдан бастап Global Education Futures - 21 ғасырдағы ғаламдық білім беру моделін және халықаралық платформада келешекті талқылау инициативасын басқарады. Жоба «Білім берудің форсайты 2035» ресейлік жобаның жалғасы болып табылады, ол жобаны Павел 2010 жылдан бастап басқарып, ресейлік Стратегиялық инициатива агенттілігі қолдауымен 10 мыңнан астам жаңашыл бастамаларды тартты және мектепте, кәсіптік – техникалық білім беруде жүйелі білім беру жаңалықтарын жүзеге асыруға көмектесті.

2012 жылдан бастап 2030 жылға дейінгі біліктілік форсайт жобасына жетекшілік етеді, осы жоба негізінде 2014 жылы «Жаңа мамандықтар атласы» жарық көрді – әлемдегі жаңа және пайда болған мамандықтар бойынша жинақтардың бірі. 2013–2015 жылдары Ресей және Халықаралық жұмысты ұйымдастыру ынтымақтастығы аясында Лукша мырза дамушы елдерде қолданатын біліктілік форсайт халықаралық әдістемелігін дайындауды басқарды (Армения, Вьетнам, Тунис, Танзания, ОАР пилоттық жобалар өткізілді).

Оқушыларды 21 ғасырда қалай және нені оқыту қажет?

Жаһандық экономиканы және технологиялық құрылымды қайта құруда ертеңгі күн бүгінгі күннен басқадай болады деп болжанады. Жалпы сандық түрге көшу, өндіріс секторын қайта құру және қызмет көрсету түрлерін автоматтандыру, қала өмірі мен экономиканы экологияландыру, қоғамның «желілік бағытталған» қарым-қатынастың түрі адамзаттың болашағында жаңа білім мен дағдыларына жаңа талаптар қояды. Маңызды тренд – қоғам күрделілігінің өсуіндегі өзгерістердің қарқындауы, оқушыларды алдағы тұрған өзгерістерге толық дайындау толығымен мүмкін еместігін көрсетеді.

Осыдан сұрақ туындайды – 21 ғасырда мектеп өзінің білім беру және тәрбие жұмысын орындай отыра, қоршаған әлеммен таныстыра және оқушыны ересек өмірге дайындауда қалай және нені оқыту керек?

Бұл сұраққа екі халықаралық ұйымдардың тұғырынан жауап беріледі. Global Education Futures (Жаһандық білімнің болашағы) бастамашылығы 2014 жылдан бастап әлемнің 50 елінен астам 500 ғаламдық жаңа білімнің көшбасшыларын тартты, олар Еуропа, АҚШ, Үндістан, Ресей, ОАР, Бразилия, Аргентина, Жаңа Зеландия және т.б. елдердің сессияларына қатысқан. Бастамашылық серіктес ұйымдар, Center for Curriculum Redesign білімнің жаңа бағдарламасын дайындаудағы бірінші орында ЭЫДҰ елдері үшін, алдыңғы қатарлы зияткерлік халықаралық орталығы болып табылады және мектеп бағдарламасына жаңа талаптар туралы «Төрт өлшемді білім» зерттеуін жақында жариялады. Global Education Futures және Center for Curriculum Redesign сарапшыларының қорытындылары бір бірімен сәйкес келеді, берілген «төрт өлшемді білім» моделі білімге, дағдыларға жаңа талап қоятын, мета-оқу құзыреттіліктерін сипаты мен қасиеттері, инновациялық мектептердің жұмысы үшін негіз бола алады. Сөйлейтін сөзі (6 дан 18 жасқа) дейінгі жас категорияларын қамтиды. «Болашақтың құзыреттілігі» барлық университет және жоғары мектеп оқушылары үшін қажет.



**Александр
Адлер**

Александр Адлер оқушылардың әл-ауқаты мәселелерін зерттеуші және Пенсильвания Университеті Позитивтік психология орталығының докторантура қызметкері. Адлер позитивтік психологияның негізін қалаушы проф. Мартин Селигманның жетекшілігімен еңбек етеді. Зерттеушінің жұмыстары әл-ауқат, білім беру және мемлекеттік саясат мәселелерінің аясында шоғырланады. Қазірде Александр Адлер Австралия, Бутан, Непал, Үндістан, Мексика, Перу және АҚШ өкілдерімен мектептердің оқу бағдарламаларына позитивтік психологияны енгізу және осы шаралардың жастардың әл-ауқатына әсерін зерттеумен айналысады. Александр Адлер бірқатар ғылыми басылымдарда өз зерттеулерінің қорытындыларын жариялап, халықаралық конференциялар мен кездесулерде жиі сөз сөйлейді.

Александр Адлер Мексикада туылып, Пенсильвания Университетінің психология, және экономика мамандығы бойынша бакалавр, психология мамандығы бойынша магистр және доктор дәрежесін иеленген. Проф. Мартин Селигманның жетекшілігімен доктор бағдарламасының зерттеуін бастамас бұрын, Александр Адлер әлеуметтік қолдауға мұқтаж аймақтарға қайырымдылық көрсету бағытында жұмыс жүргізетін ұйымдардың бірі Пенсильвания Университеті жанындағы Филантропия орталығының ғылыми қызметкері жұмысын атқарған. Қазірде Александр Адлер оқушылардың әл-ауқатын зерттеу мәселелері бойынша Халықаралық сарапшылар тобының құрамындағы 60 мүшелердің бірі. Аталған топ әл-ауқат және бақыт негізінде 2015 жылы күшіне енген Дамудың жаңа парадигмаларын құру мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірлесе жұмыс жүргізетін әр түрлі ғылым саласындағы жетекші мамандар мен сарапшылардың халықаралық бірлестігі.

Позитивті білім беру: оқушылардың әл-ауқаты және академиялық жетістігі үшін білім беру

Әл-ауқат мәселелерін кең көлемде оқыту мүмкін бе, оны мектепте және одан тыс оқыту қажет пе? Осы сұрақтарға жауап алу үшін біз дүние жүзі бойынша жүргізілген кездейсоқтық тәсілімен таңдалған көлемді үш зерттеудің сенімді ғылыми мәліметтерін ұсынамыз. Бірінші бағдарлама Бутан мемлекетіндегі 18 мектептерді ($n=8385$ оқушылар) қамтиды. Осы мектептер кездейсоқтық тәсілімен таңдалып алынған зерттеу жүргізілетін ($k=11$ мектеп) және бақылауыш ($k=7$ мектеп) топтарына жіктеледі. Зерттеу жүргізілген мектептердің оқу бағдарламасына академиялық пәндерден өзге он әл-ауқат дағдыларын оқытатын сабақтар енгізілді. Соның ішінде зейінділік, эмпатия, рақымдылық, тиімді қарым-қатынас, жасампаз ойлау, сыни ойлау, мәселелерді шешу, көшбасшылық, икемділік және шешім қабылдау. Екінші бағдарлама Мексикадағы 70 ($m = 68762$ оқушылар) мектептерді қамтып, кең көлемде зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Осы мектептер кездейсоқтық тәсілімен таңдалып алынған зерттеу жүргізілетін ($j = 35$ мектеп) және бақылауыш ($j = 35$ мектеп) топтарына жіктеледі. Үшінші бағдарлама Перудағы 694 ($q = 694153$ оқушылар) мектептерді қамтып, анағұрлым кең көлемде зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Мектептер кездейсоқтық тәсілімен таңдалып алынған зерттеу жүргізілетін ($h = 347$ мектеп) және бақылауыш ($h = 347$ мектеп) топтарына жіктеледі. Барлық үш бағдарлама нәтижесінде зерттеу жүргізілген мектептердің оқушылары арасында әл-ауқат көрсеткіштерінің деңгейі өсті және зерттеу жүргізілгеннен кейінгі 15 айдан соң стандартталған ұлттық емтихандардың қорытындысы бойынша оқушылар анағұрлым жоғары нәтиже көрсетті. Осы оң нәтиженің артынша аталған үш бағдарлама Бутан, Перу және Мексикада ұлттық деңгейде енгізілді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени контекстке байланыссыз, мектептерде әл-ауқат бағдарламаларын кең көлемде ұлттық деңгейде оқыту оның тиімділігін, қажеттілігін, әл-ауқаттың ішкі және құрал ретінде маңыздылығын көрсетті. Бұл оқушылардың академиялық жетістігіне, денсаулығына және өзге де қажетті өмірлік дағдыларға оңтайлы әсер еткенін дәлелдеді.



**Колин
Маклафлин**

Профессор Колин Маклафлин Сассекс Университетінде 3 жыл бөлім бастығы болып қызмет атқарған. 1985 жылы Білім беру институтындағы кәсіби қызметіне келгенге дейін мектепте мұғалім болып жұмыс істеген және жергілікті білім беру бөлімінде кеңесші қызметін атқарған. Ғалымның зерттеу еңбектерінде мектепте қолайлы орта қалыптастыру (Уэльс үкіметі мен Nuffield Foundation үшін ақпарат), мектептегі қарым-қатынастар; Африкадағы сексуалдық қатынастар және АИТВ мәселелері (Ынтымақтастық орталығы үшін білім беру мәселелері бойынша ақпарат), мектепте балаларды жәбірлеу мен білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі оқушылар мәселелері, мектептегі кеңес беру қызметі, мектепте оқушыларды тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан дамытудың әртүрлі аспектілері қарастырылады. Оның қызметінің негізгі бағыттарының бірі халықаралық білім беру реформасын қолдау болып табылады. Ғалым мектепте білім берудің тұлғалық және әлеуметтік аспектілері бойынша үкіметтер мен үкіметтік емес ұйымдарға кеңесші ретінде белсенді қызмет атқаруда.

Ұстаздар маңызды рөл атқарады: реформаларды жүзеге асыруда және ауқымын кеңейтуде мұғалімдердің рөлі

Мектептегі оқушылардың академиялық үлгеріміне және ұлттық білім беру жүйесінің сапасына әсер ететін аса маңызды фактор білім берудің сапасы екенін зерттеулердің нәтижелері айқын көрсетіп отыр, педагогтер мен саясаткерлер де мұны жақсы біледі. Сондықтан білім беру жүйесін реформалауда немесе мектептегі оқыту тәжірибесін жетілдіру мәселесінде мұғалімдер ең маңызды орын алады. Бұл таныстырылымда осы тақырып бойынша жүргізілген халықаралық зерттеулерге шолу жасалады, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын реформалау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, жеке тұлғасы мен уәжі сияқты өзекті мәселелерге қаншалықты оң ықпал ететіні зерделенген бірқатар зерттеулердің нәтижелері қарастырылады. Сонымен қатар, педагогтардың білім беру реформаларына қатысуы, соған қатысты туындауы мүмкін проблемалар талқыланып, мұғалімдер мен саясаткерлердің қажеттіліктері қарастырылады.

Профессор Колин Маклафлин өз таныстырылымында 2016 жылы Қазақстанда Назарбаев Университеті, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББО Зерттеу департаменті және Кембридж университетінің Білім беру факультеті жаңартылған білім мазмұнын апробациялау бойынша пилоттық мектептерде жүргізген бірлескен зерттеулерді негізге алған.

Сілтемелер:

Darling-Hammond L, Rothman R (2011) Teacher and leader effectiveness in high-performing education systems [Жоғары көрсеткішке жеткен білім беру жүйесіндегі мұғалім мен көшбасшының тиімділігі], Washington, DC: Alliance for Excellent Education and Stanford, CA: Stanford Centre for Opportunity Policy in Education.

**БАҒДАРЛАМА****ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ**

1-ші күн – 27 ҚАЗАН

08.00-09.00 Тіркелу (күні бойы жүреді)**09.00-10.30** Алғы сөз

Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесі қалыптасуының 25 жылдығына арналған ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Өту орны: Акт залы

Модератор: Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы

Жонтаева Жаңыл Алпамысқызы,
мектепке дейінгі және орта білім беру департаментінің директоры,
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылым жүйесін заңнамалық қамтамасыз ету

Бақытжан Әбдірайым,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор

Тәуелсіздік және қазақ мектебі

Беркімбаева Шәмшә Көпбайқызы,
общественный деятель Республики Казахстан

Орта білім беру жүйесінің дамуындағы Зияткерлік мектептерінің рөлі

Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы

Назарбаев Университетін құру: қалыптаспаған жолмен

Шигео Катсу, «Назарбаев Университеті» ДББҰ Президенті

Тәуелсіздік жылдарында жаһандық трендтер контекстіндегі Қазақстанның білім беру жүйесі: жетістіктер мен өзекті мәселелер

Ырысалиев Серік Әзтайұлы,
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ президенті

Қазіргі білім беруде «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру

Миразова Аягүл Төреқызы,
Қазақстанның еңбек ардагері, Қазақ ССР халықтық ағарту ісінің үздігі,
Алматы қаласының құрметті азаматы

Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы

Шолпан Қирабаева,
«Дарын» РҒПО директоры

Жаңа оқулықтармен жаңа ғасырға

Бейбітгүл Кәрімова,
«ОҚУЛЫҚ» РҒПО директоры

Ғылымды, білімді және өндірісті біріктіру

Әдекенов Серғазы Мыңжасарұлы,
«Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ Басқарма төрайымы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, химия ғылымдарының докторы, профессор

БАҒДАРЛАМА**Білім берудегі АТ индустриясы****Рауан Кенжеханұлы,**

Wikibіlim қоғамдық қоры Қамқоршылар кеңесінің негізін салушы әрі төрайымы, электрондық білім беру саласындағы «Bіlim Media Group» компаниясының негізін салушы

10.40-11.40**«Білім беру мазмұны» тақырыбындағы ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС****Өту орны:** Акт залы**Модератор:** Дэвид Бриджес,

Шығыс Англия университетінің құрметті профессоры, Кембридж университетінің Қасиетті Эдмунд және Хомертон колледждерінің ғылыми бірлестігінің құрметті мүшесі, Ұлыбритания

Куррикулум және мектеп жүйесіндегі теңдік мәселесі**Уильям Шмидт,**

Мичиган университетінің профессоры, Білім берудегі куррикулум орталығының негізін салушы әрі директоры, Білім берудегі саясат орталығының директоры, АҚШ, ЭЫДҰ сарапшысы

Көлемі үлкен ғылым әлемінен нені оқыту керектігін қалай таңдауға болады?**Том Хсу,**

Массачусетс технология университетінің профессоры, АҚШ

11.50-13.20**Бағыттар бойынша I секциялық отырыстар****11.50-13.20****Стратегиялық серіктестермен кездесу****Өту орны:** Кітапхана, 1 қабат**13.20-14.20****Түскі ас****14.20-15.50****Бағыттар бойынша II секциялық отырыстар****15.50-16.20****Кофе брейк****16.20-17.20****«Бағалау жүйесі» тақырыбындағы ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС****Өту орны:** Акт залы**Модератор:** Ольга Можяева,

басқарушы директор, биология ғылымдарының кандидаты, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Қазақстан

Бағалау жүйесі дизайны**Ричард Фэлпс,**

«Nonpartisan Educational Review» журналының редакторы, АҚШ пен Канаданың Мектеп-интернаттар бірлестігінің Зерттеу және стратегиялық бастамалар бөлімінің директоры

Күнделікті оқыту процесін жаңа технологиялар арқылы қадағалау**Гунтер Марис,**

Амстердам университетінің психологиялық әдістер бойынша профессоры, СИТО басты ғылыми қызметкері, Нидерланд


17.30-19.00 Бағыттар бойынша III секциялық отырыстар
2 КҮН – 28 ҚАЗАН
09.30-11.00 Бірінші күнге шолу

Светлана Испушинова,
Басқарма төрайымының орынбасары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
Қазақстан

«Білім берудің болашағы» тақырыбындағы ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Өту орны: Акт залы

Модератор: Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы

ЭЫДҰ жаңа жобасы: 2030 жылға арналған білім берудің және дағдыларды дамытудың болашағы

Михо Тагума,

аға саясат талдаушысы, Білім беру және дағдылар басқармасы, ЭЫДҰ

21 ғасырда оқушыларға не оқыту керек және не үшін оқыту керек?

Павел Лукша,

«СКОЛКОВО» Мәскеулік басқару мектебінің тәжірибе профессоры, Ресей

11.10-12.40 Бағыттар бойынша IV секциялық отырыстар
12.40-13.40 Түскі ас
13.40-15.10 Бағыттар бойынша V секциялық отырыстар
15.10-15.30 Кофе брейк
15.30-17.00 Бағыттар бойынша VI секциялық отырыстар
17.10-18.10 «Позитивті білім беру және мұғалімдердің рөлі» тақырыбындағы ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС

Өту орны: Акт залы

Модератор: Светлана Испушинова,
Басқарма төрайымының орынбасары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
Қазақстан

Позитивті білім беру: оқушылардың әл-ауқатын жақсарту мен академиялық жетістіктерін көтеру

Алехандро Адлер,

әл-ауқат ғылымының зерттеушісі, Позитивисттік психология орталығы,
Пенсильвания университеті, АҚШ

Білім берудегі реформалар мен тәжірибені таратудағы мұғалімдердің рөлі

Коллин МакЛафлин,

университетінің профессоры, Білім берудегі бастамалар бөлімінің
директоры, Ұлыбритания

Екінші күнге шолу

Питер Мехисто, Білім институты, Лондон университеттік колледжі, Ұлыбритания
Жабылу

Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы,

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрайымы

ЖЕЛІЛІК БАҒЫТТАР

СЕКЦИОНДЫҚ ОТЫРЫСТАР

Секциондық отырыстар келесі желілік бағыттар бойынша ұйымдастырылған:



H1 - Білім берудегі өзгерістер мен инновациялар



H2 - Білім беру саласындағы көшбасшылық



H3 - Куррикулум және пәндер



H4 - Көп тілді білім беру



H5 - Ерте даму мен бастауыш білім беру



H6 - Оқу мен оқыту



H7 - Педагогикалық білім беру мен кәсіби даму



H8 - Мұғалімдердің зерттеу жұмысы



H9 - Білім сапасын бағалау



H10 - Бағалау, тестілеу және өлшеу



H11 - Балалардың әл-ауқаты мен тәрбиесі



H12 - Білім беру ресурстары



H13 - Жанұя, қауымдастықтар және қоғам



H14 - Зерттеу жүргізу этикасы мен тәжірибесі



	Бағыттар бойынша I секциялық отырыстар	Бағыттар бойынша II секциялық отырыстар	Бағыттар бойынша III секциялық отырыстар
	27 қазан, бейсенбі		
	11.50-13.20	14.20-15.50	17.30-19.00
Акт залы <i>Ілеспе аударма</i>	Білім берудің даму перспективалары (Н1)	Зерттеу жүргізудегі әдеп мәселелері. Панельдік талқылау (Н14)	Білім беру үрдісіндегі технологиялар (Н12)
Кітапхана <i>Ілеспе аударма</i>	Стратегиялық серістестердің кездесуі	Білім берудегі жанұя мен қоғамның рөлі (Н13)	Кәсіптік даму бағытындағы мұғалімдердің зерттеу жұмысы (Н8)
1 кіші спорт зал <i>Ілеспе аударма</i>	Позитивті білім беру мен оқушылардың әл-ауқаты (Н11)	Оқу материалдарын әзірлеу (Н12)	Мектептердің аккредитациясы (Н9)
2 кіші спорт зал <i>Ілеспе аударма</i>	Оқушылардың дауысы мен олардың белсенділігі (Н8)	Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (Н4)	Үштілді білім беру саясатын жүзеге асыру (Н4)
Амфитеатр <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	STEM бағыттарының дамуы (Н3)	Оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту (Н6)	Орта азия елдеріндегі орта білім саласындағы зерттеулер. Телеконференция (Н1)
Кіші кітапхана <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	Мұғалімдердің кәсібилігі мен оны бағалау (Н7)	Математиканы оқыту (Н3)	Мектептерде ұлттық инновациялық білім беру контентін қолдану (Н12)
130 дәрісхана <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту (Н6)	Мұғалімдердің кәсіби дамуындағы тренерлердің рөл (Н7)	Мұғалімдердің кәсіби дамуындағы тренерлердің рөлі (Н7)
131 дәрісхана <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	I постер сессия (Н8)	II постер сессия (Н8)	

	Бағыттар бойынша IV секциялық отырыстар	Бағыттар бойынша V секциялық отырыстар	Бағыттар бойынша VI секциялық отырыстар
	28 қазан, жұма		
	11.10-12.40	13.40-15.10	15.30-17.00
Акт залы <i>Ілеспе аударма</i>	Сандық оқыту. Панельдік талқылау (Н12)	Мектепке дейінгі оқыту бағдарламалары (Н5)	Оқушылардың жазғы оқу үрдісін ұйымдастыру (Н6)
Кітапхана <i>Ілеспе аударма</i>	Жаңартылған білім беру мазмұнын апробациялау. Дөңгелек үстел (Н1)	Өзгерістерді басқару (Н2)	Оқу материалдарды әзірлеу. Семинар (Н12)
1 кіші спорт зал <i>Ілеспе аударма</i>	Мектептегі көшбасшылық және басқару (Н2)	Инклюзивті білім беру (Н11)	Қазақстан мектептерінде инновацияны жүзеге асыру (Н1)
2 кіші спорт зал <i>Ілеспе аударма</i>	Үштілді білім беру саясатын жүзеге асыру (Н4)	Қорытынды бағалау (Н10)	Бағалау жүйесі (Н10)
Амфитеатр <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	Бағалау жүйесі (Н10)	Мектептердің жұмысы мен олардың тиімділігі (Н9)	Тәжірибе жүзінде куррикулумды жүзеге асыру (Н3)
Малая Кітапхана <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	Мұғалімдердің кәсіби дамуындағы сабақты зерттеу (Н8)	Мұғалімдердің кәсіби дамуы (Н7)	Мұғалімдердің кәсіби дамуы (Н7)
Дәрісхана 130 <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	III постер сессия (Н8)	Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату (Н1)	
Дәрісхана 131 <i>Қазақ / Орыс тілі</i>	IV постер сессия (Н8)	Мектептегі математика курсының жаңартылған білім мазмұны бойынша өзекті сұрақтар. Дөңгелек үстел (Н3)	Мектептегі математика курсының жаңартылған білім мазмұны бойынша өзекті сұрақтар. Дөңгелек үстел (Н3)

I секциялық отырыс

27 қазан, бейсенбі, 11.50-13.20

Акт залы <i>Ілеспе аударма</i>	1 желілік бағыт «Білім берудегі өзгерістер мен инновациялар»	<p><u>БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</u></p> <p>Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен білім берудің маңыздылығы Алихан Қарабаев /Ақпараттық-талдау орталығы, ҚР БҒМ, Қазақстан/ Сандық ұрпақ және білім берудің этнопедагогикалық негіздері: болашаққа көзқарас Әйгерім Мыңбаева /Жалпы және этникалық педагогика кафедрасы, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан/ АОҒО ММГ тәжірибесінен Кирилл Семенов / М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің А.Н. Колмогоров атындағы арнайы оқу-ғылыми орталығы (факультет) – мектеп-интернаты / Төраға: Дэвид Макхатчен / «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Қазақстан/ Дискуссант: Елдос Нұрланов /Ақпараттық- талдау орталығы, ҚР БҒМ, Қазақстан/</p>
1 кіші спорт зал <i>Ілеспе аударма</i>	11 желілік бағыт «Оқушылардың әл-ауқаты»	<p><u>ПОЗИТИВТІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ</u></p> <p>Позитивті білім беру: теориядан тәжірибеге <i>Александр Адлер</i> /Позитивисттік психология орталығы, Пенсильвания университеті, АҚШ/</p> <p>Мектеп-интернаттардың артықшылықтары: әдебиетке шолу <i>Ричард Фэлпс</i> /АҚШ пен Канаданың мектеп-интернаттарының қоғамдастығы/</p> <p>Кіші жеткіншектердің жеке білім беру кеңістігін қалыптастыру <i>Эльмира Алиева</i> /Алматы қ. білім беру басқармасы, Қазақстан/</p> <p>Контекстке байланысты Қазақстандағы жастардың әл-ауқатын зерттейтін толыққанды модел жасақтау <i>Дэниель Хернандез Торрано</i> /Назарбаев Университеті, Қазақстан/ <i>Лиз Уинтер</i> /Кембридж университеті, Ұлыбритания/</p> <p>Төрайым: Лиз Уинтер /Кембридж университет, Ұлыбритания/</p>



1 секциялық отырыс

27 қазан, бейсенбі, 11.50-13.20

<p>2 кіші спорт зал</p> <p><i>Ілеспе аударма</i></p>	<p>Желілік бағыт 8 «Мұғалімдердің зерттеу жұмысы»</p>	<p><u>ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАУСЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ</u></p> <p>Қазақстандағы бір Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі Мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасы мен олардың оқушы даусы туралы көзқарастарын зерттеу <i>Виктор Сосин</i> /Талдықорған қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан/</p> <p>9 сыныптың химия пәні мұғалімінің жүріс-тұрысы арқылы белсенділік атмосферасын басқару <i>Меруерт Қазбекова</i> /Қарағанды қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан /</p> <p>Журнал шығару – оқушы даусын дамыту инструменті ретінде <i>Тимур Боскин</i> /Астана қ. Халықаралық мектебі, Қазақстан/</p> <p>Оқушылардың өзіндік ұтымдылығын мәселеге бағытталған оқыту арқылы көтеру (Problem-based learning) <i>Инна Аксёнова</i> /Тараз қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан/</p> <p>Төрайым: Гүлнәр Алтаева /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Қазақстан/ Дискуссант: <i>Ричард Эванс</i> /Шымкент қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан/</p>
<p>Амфитеатр</p> <p><i>Қазақ / Орыс тілі</i></p>	<p>3 желілік бағыт «Куррикулум және пәндер»</p>	<p><u>STEM БАҒЫТЫНЫҢ ДАМУЫ</u></p> <p>Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Информатика» пәні бойынша білім беру бағдарламасының халықаралық бағдарламалармен салыстырмалы талдауы <i>Анар Таяпбергенова</i> /Семей қ. Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан /</p> <p>Орта білім беру жүйесіндегі жобалар әдісі <i>Нұркен Қайнаров</i> /Қадырғали Жалайыр ат. №6 орта мектебі, Шеңгелді ауылы, Қазақстан/</p> <p>Жаратылыстану ғылымдары пәндерін оқытудағы оқушылардың ашық зерттеуді ұйымдастыруы <i>Динара Бейсембаева, Айбаршын Болатова</i> /Астана қ. Халықаралық мектебі, Қазақстан/</p> <p>STEM оқыту жүйесінің концепциясы мен даму перспективалары <i>Татьяна Римкевичус</i> /Новосибирск мемлекеттік университеті, Ресей/</p> <p>Төрайым: <i>Арайлым Мағзұмова</i> /Білім беру бағдарламалары орталығы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Қазақстан/</p>

Секциялық отырыстар 1

27 октябрь, четверг, 11.50-13.20

